

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті мен экономикалық факультеттің 20-жылдығына орай ұйымдастырылған  
**«Қаржы, есеп, басқару және туризм салаларындағы заманауи экономикалық мәселелер»**  
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының  
**ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ**  
7 сәуір 2016ж.

**СБОРНИК ТРУДОВ**  
международной научно-практической конференции  
**«Современные экономические проблемы в области финансов, учета, управления и туризма»**,  
посвященной 20-летию Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева и экономического факультета  
7 апреля 2016г.

**PROCEEDINGS**  
of the international scientific-practical conference  
**“Modern economic problems in the field of finance, accounting, management and tourism”**  
dedicated to the 20-th anniversary of the L.N. Gumilyov Eurasian National University and the Economic Faculty  
7 April, 2016

Астана, Қазақстан  
Astana, Kazakhstan

УДК 336: 338.48 (063)

ББК 65.261

Қ 41

**Редакционная коллегия:**

Декан экономического факультета, д.э.н., профессор Макыш С.Б.,

Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.

Профессор кафедры «Туризм», д.э.н. Сыздыкбаева Б.У.

Заведующий кафедрой «Туризм», к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А.

Заведующий кафедрой «Менеджмент», д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.

Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ», к.э.н., доцент Алибекова Б.А.

Заведующий кафедрой «Финансы», д.э.н., профессор Садвокасова К.Ж.

Заведующий кафедрой «Экономика», к.э.н., асс. профессор Рахметулина Ж.Б.

Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование», к.э.н., доцент Бабланов Т.К.

**Қ41 Қаржы, есеп, басқару және туризм салаларындағы заманауи экономикалық мәселелер:** Халық. ғыл.-тәжіриб. конф. еңбектер жинағы \_ **Современные экономические проблемы в области финансов, учета, управления и туризма:** Сб. материалов межд. науч.-практ. конф. \_ Proceedings of the international scientific-practical conference **“Modern economic problems in the field of finance, accounting, management and tourism”**. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016 \_ Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2016 \_ Astana, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2016.

**ISBN 978 – 601 -301 – 677 - 1**

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбек жинағында қаржы, есеп, басқару және туризм салаларындағы заманауи экономикалық мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научно-практической конференции рассмотрены экономические проблемы в области финансов, учета, управления и туризма.

Economic issues in the fields of finance, accounting, management and tourism are covered in the international scientific-practical conference collection of materials.

**УДК 336: 338.48 (063)**  
**ББК 65.261**

**ISBN 978 – 601 -301 – 677 – 1**

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016  
© Евразийский Национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2016  
© L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2016

Сэр Джеймс Миррлис - в 1996 году его труды оценили и присвоили ему совместно с У. Викри Нобелевскую премию по экономике за фундаментальный вклад в экономическую теорию стимулов и асимметричной информации. В 1998 году он был возведен в ранг рыцаря королевой Великобритании, которой в этом году исполняется 90 лет и одним из самых важных приоритетов в развитии бывшей и современной Англии, с ее точки зрения, является социально-техническая модернизация британского общества. С 1982 года Сэр Джеймс Миррлис является Президентом Эконометрического общества; с 1989 года - Президентом Международного атлантического экономического общества. А также лауреат Нобелевской премии по экономике 2005 года, почетный профессор Еврейского университета в Иерусалиме Роберт Ауманн и Роджер Корнберг, который в 2006 году был удостоен Нобелевской премии по химии за исследование механизма копирования клетками генетической информации.

В рамках взаимного сотрудничества ЕНУ им. Л.Н. Гумилева с лучшими вузами-партнерами стран Западной Европы в январе 2013 года проведен первый этап совместной международной научно-исследовательской конференции «Инновации в экономике» между экономическим факультетом ЕНУ и Институтом менеджмента и региональной экономики (ИМРЭ) при Люцернском государственном университете прикладных наук (Швейцария).

### Литература

1 [repository.kaznu.kz/bitstream/handle/.../1414/](http://repository.kaznu.kz/bitstream/handle/.../1414/) .технологическая модернизация в аспекте индустриально-инновационного развития экономики Республики Казахстан/ Н.А. Царева Вестник КазНУ, 2012.

## ҚАЗАҚСТАН ЖЕҢІЛ ӨНЕРКӘСІБІНІҢ ДАМУЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ ПРОБЛЕМАЛАР

*Сабирова Р.К., Каркынбаева Ш.И., Шайкенова А.С.*

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Астана қ., Қазақстан Республикасы

e-mail: [sabirovarysty@mail.ru](mailto:sabirovarysty@mail.ru)

Жеңіл өнеркәсіп – жиырмадан астам кіші салаларды қамтитын үш негізгі топқа біріктірілуі мүмкін кешендік сала: тоқыма, тігін және былғары. Жеңіл өнеркәсіп құрылымындағы ең үлкен үлес салмағы тігін және тоқыма өнеркәсіптерінің кіші салаларының өнімдеріне тиесілі.

Қазақстанның жеңіл өнеркәсібінің қазіргі уақыттағы жағдайы аса мәз емес. Қуаттарды жеткіліксіз жүктеу, мемлекеттік қорғаныстық тапсырыстан тәуелді болу, айналым қаражатының жетіспеушілігі, өнімді алға бастырудың нарықтық құралдарын пайдаланбау тәрізді саланың проблемалары бүгінгі күнге дейін өзекті болып отыр. Айтарлықтай тұрақты түрде тек тігін өнеркәсібі ғана

дамуда, оның соңғы 7 жылдағы нақты өсімі оң динамиканы көрсетті. Жалпы алғанда саланың ел экономикасына әсері елеулі емес және экономиканың басқа салалары тәрізді макроэкономикалық әсері жоқ. Жеңіл өнеркәсіптің Қазақстанның ЖІӨ-ің құрылымында алатын үлесі шамалы болып саналады, 2014 жылы бұл көрсеткіш 0,08%-ды құрады. [1].

2014 жылы Қазақстан Республикасындағы жеңіл өнеркәсіп өнімдерінің өндірісі 63,2 млрд. тенгені құрады, ол номиналды көріністе 2008 жылдың деңгейімен салыстырғанда 2,3 есеге жоғары, нақты көріністе өсім 129,2 %-ды құрады.

Ал, сарапшы мамандардың айтуы бойынша экономикалық тәуелділіктен арылу, яғни, елдің тәуелсіздігі үшін біз өзімізді кем дегенде 30 пайыз тауармен қамтып отыруымыз қажет көрінеді. КСРО кезінде жеңіл өнеркәсіп еліміздің ең дамыған саласының бірі болғаны белгілі. Тіпті, сол кездердегі көрсеткіш бойынша республикамыздағы жеңіл өнеркәсіптің үлес салмағы 15,5 пайыз болып, ел бюджетінің 25 пайызын құраған екен. Есесіне, арзанқол тауарларымен дүниежүзін жаулап алған Қытайда да бұл көрсеткіш біздікінен төмен болыпты. Дүниежүзілік Даму банкінің мәліметіне сенсек, жеңіл өнеркәсіптің үлес салмағы Қытайда 10 пайыз да, мемлекеттік бюджеттің 20 пайызын құраған. Еліміз нарықтық қатынастарға көшкен жылдары бұл сала мүлдем тұралап қалды. Жасыратыны жоқ, экономикалық дағдарыстар орын алған өтпелі кезеңде еліміздің жеңіл өнеркәсібі үлкен проблемаларды бастан кешті. Жеңіл өнеркәсіп көшбасшылары атанған біраз кәсіпорындардың жұмысы тоқтады немесе мүлде жабылып қалды.

Дегенмен, соңғы жылдары Үкімет жеңіл өнеркәсіпті тығырықтан шығару мақсатында жаңа бетбұрыстар жасауда. Оған Алматыда Германия, Иран, Италия, Франция, Қазақстан, Ресей, Беларусь, Қырғызстан сияқты мемлекеттердің 50-ге жуық компанияларының қатысуымен өткізілген мамандандырылған халықаралық V Орталық Азия көрмесінің аясында жүзеге асырылған шаралар дәлел бола алады[2].

Көршіміз Өзбекстан жеңіл өнеркәсіпке тартылған инвестиция көлемін 800 мың долларға жеткізіпті. Жеңіл өнеркәсіпке ерекше маңыз беретін Корея мен Жапония сияқты елдер 70-80 пайыз өз өнімдерін тұтынады екен. Яғни, ең бірінші – тұрғындар үшін бұл жұмыс орны. Мысалы, Қытай, Үндістан, Түркия елдерінде жеңіл өнеркәсіп саласында тұрғындардың 20 пайызы жұмыс істесе, Қырғызстанда халықтың 30 пайызы жеңіл өнеркәсіптен өз нәпақасын табады. Ал, Қазақстан болса ел-жұртты сырттан әкелінген дайын өнімдермен киіндіріп отыр. Бір қарағанда еліміз Қытайға, Түркияға, Қырғызстанға инвестиция салып отыр деуге болады. Яғни, біздің ақшаға ол жақта қосымша жұмыс орындары көптеп ашылуда[3].

Қазір Қазақстанда индустриалды-инновациялық даму бағдарламасына технологиялық-инновациялық жаңалығы бар ғылымды қажетсінетін жобалар әзірленіп енгізілуде. Бұл ретте өнеркәсіптік дизайнға ерекше маңыз беру керек. Дизайн дегеніміз өнеркәсіп өндіретін бұйымдардың сапасын, нақтырақ айтқанда, олардың құрылымдық және сыртқы ерекшеліктерін айғақтауды мақсат тұтатын көркемдік - техникалық қызмет түрі. Өнеркәсіптік дизайн

Ұлыбритания, Испания, Оңтүстік Кореяда жақсы дамыған. Тек Ұлыбританияның өзінде 232 мың дизайнер бар. Сонымен дизайн - индустрия тілін таба білсе, елдің экономикасына елеулі үлес қоса алады. Республикамызда өнеркәсіптік дизайн ақсап тұр. Соның кесірінен отандық жеңіл өнеркәсіп өнімдері әлемдік бәсекеге қабілетсіз. Мәселені шешу үшін арнаулы дизайн - студиясын ашқан жөн. Ең бастысы мамандарды жаңа бағытта дайындай бастауымыз қажет. Мамандардың айтуынша, біріншіден білікті дизайнерлердің тапшылығы, еліміздегі жоғары оқу орындарында білім алып шығатын мамандардың санына қарап емес, сапасына байланысты, себебі зауыттар мен фабрикалар арасында студенттермен еш байланыс жоқ. Диплом алып шыққан маман тәжірибесіз болып шығады. Екіншіден дизайнерлердің заманға сай келмейтін ескі жүйемен оқытылуы. Әрине, жеңіл өнеркәсіптің дамуына бұл да кедергі болуда. Үшіншіден отандық жоғары оқу орындары дизайнерлерді тек теориялық жағынан әзірлейді де, ал тәжірибелік қор мүлдем аздығын атап көрсетеді[4].

Зауыттар мен фабрикалар дизайнерлерді жұмысқа алып, білімдерін жетілдіргісі келмейді. Жеңіл өнеркәсіп жұмыс орындары тек арнаулы киім тігуден әріге бара алмауда. Осы саладағы «спецовкалар» мен арнаулы киім тігумен айналысатын фабрикалар мен цехтарға дизайнның қажеті бола бермейді.

Мемлекеттің шикізат пен еңбек ресурстары бойынша орасан әлеуеті бола тұра, толықтай импортқа тәуелді болып отырғанымыз рас. Тауарлар импорты мен шикізат экспорты ғана болған кезде нақты экономиканың қандай да бір өсуі туралы сөз қозғау артық шығар.

Өндірушілер үшін тең емес экономикалық жағдайлар отандық тауар өндірушілерге ішкі нарықтарда да, сыртқы нарықтарда да өндірісті тиімді дамытуға мүмкіндік бермейді. Оның үстіне жеңіл индустрия өніміне жыл сайынғы қажеттілік 5 млрд долларға жуық деп бағаланып отыр.

Елдің ішкі нарығын қорғау үшін жеңіл өнеркәсіптегі өз өндірісіміздің планкасын экономикалық қауіпсіздік деңгейіне дейін жеткізу, яғни, отандық өндіріс үлесін 30 %-ға дейін жеткізу керек. Ішкі нарықты отандық сапалы өніммен толтыру үшін қолайлы жағдайлар жасағанымыз абзал. Шикізатты дайын өнімге дейін терең өңдеуді жүзеге асыратын жеңіл өнеркәсіп өнімін өндірушілер үшін жеңілдіктер беру тетігін енгізу қажет. Оларды қосылған құн салығынан босатуға, преференциялар мен субсидияларды және басқаларды беруге болады. Санитариялық-гигиеналық нормативтерге, техникалық регламенттер мен стандарттарға сәйкес келмейтін тігін, тоқыма, тері-былғары және аяқкиім өнімін өткізу үшін жауаптылықты қатаңдатқан жөн. Отандық тауар өндірушілердің бәсекеге қабілетті тауарларын сыртқы нарыққа жылжытуына қолдау жасау қажет.

Қазіргі уақытта мақта талшығының тек 2%-ы ғана дайын өнімге дейін қайта өңделеді, жүннің 12%-ы бастапқы өңдеуге жатқызылады. Статистика деректері бойынша, шитті мақта, өңделмеген тері, жуылмаған жүн түріндегі шикізаттың 90%-ға жуығы шет елге экспортталады. Тігін өнеркәсібі іс жүзінде Қазақстанда өндірілмейтін импорттық маталарды, иірілген жіпті, фурнитураны

пайдалануға мәжбүр болып отыр. Бұл бұйымдар құнының жоғары болуына және бағасы бойынша олардың импорттық өніммен бәсекелесуге қабілетсіздігіне әкеп соғады. Сондықтан отандық өндірушілер шетелдік өндірушілермен бәсекелестік күресте жеңіліп жатады.

Бұл проблеманы шешу үшін шикізат экспортын тежеу және өңделу дәрежесі төмен өнімді әкетуге жоғары баждарды енгізу бойынша шаралар қолданылуға тиіс. Сондай-ақ отандық жеңіл индустрияны дамыту үшін өндірісте шикізатты алудан дайын өнімді жасауға дейінгі толық циклі аса қажет. Мысалы, өсірілген мақтадан шитті мақтаны алу ғана емес, сонымен бірге одан мата дайындалғаны және дайын киім тігілгені біз үшін маңызды[5].

Қазіргі заманғы жеңіл индустрияның ғылымды қажетсінетінін ескеру керек. Қазіргі уақытта бұл саланың бәсекеге қабілеттілігінің технология мен инновацияға салынатын инвестицияның деңгейіне тәуелділігі жоғары.

Өкінішке қарай, отандық кәсіпорындардың көпшілігінде жабдықтардың, сондай-ақ өндірістің технологиялық үдерістерінің физикалық және моральдық жағынан тозуы еңбек өнімділігіне, өнім сапасына теріс әсер ететіні сөзсіз.

Біз өз өнімдерімізді таныстыра білуіміз де керек-ақ. Отандық өндірушілердің технологиялар трансфертінде белсенді әрі ұтқыр болмауы – тағы бір маңызды мәселенің бірі. Мысалы, «Mango», «Zara» сияқты көпшілікке қолжетімді брендтер жаңа киім үлгілері таныстырылғаннан кейін, 10-15 күннен соң, бүкіл әлемде сатыла бастайды екен.

Бүгінгі күні қазіргі заманның талаптарына сай келетін білікті кадрлардың жетіспеушілігі Қазақстанның жеңіл өнеркәсібі үшін өткір проблема болып отыр. Жұмысшылар, тігіншілер ғана емес, жоғары және орта буынның техникалық жұмыскерлері де жетіспейді. Елде әртүрлі деңгейдегі жеңіл өнеркәсіп мамандарын дайындайтын оқу орындары жеткілікті болғанымен, көптеген түлектер өзінің мансабын өндіріспен байланыстырғысы келмейді. Бұл еңбек жағдайының ауырлығы мен жалақының төмендігіне байланысты. Кәсіпорындарда кадрлардың басқа салаға кетуі байқалады.

Сондықтан кадр мәселесі персоналды басқару мен кәсіптің беделін көтерудің жаңа тәсілдерін енгізуді талап етеді. Бүгінгі күні мамандар даярлаудың сапалық көрсеткіштерін жақсартуға баса екпін берілуге тиіс және мұнда білім мен кәсіби шеберлік өндірістің маңызды ресурсы ретінде қаралуға тиіс. Бұдан басқа, білім беру мен экономиканың нақты секторы арасындағы алшақтықты жою қажет.

### **Әдебиеттер**

1 Жаналықтар ақпарат көзі : №90-93 (25939) 12 НАУРЫЗ ЖҰМА, 2010<http://egemen.kz>

2 «Егемен Қазақстан» газеті №161, 20 тамыз, 2014 жыл

3 Худова Л.Н Қазақстан Республикасындағы өндірісті жаңғырту жағдайында жеңіл өнеркәсіп мүмкіндіктері.

4 Елімізде салынатын ғимараттар сәулетшінің емес, тендерді жеңіп алушының ойымен жүзеге асады/ <http://baq.kz/news>

5 Міндет – жеңіл өнеркәсіпті дамытуды жақсарту/<http://www.elarna.com>

## ҚАЗАҚСТАНДЫҚ КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ САЯСАТЫН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

*Сәтбеков Б.Ф.*

Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университеті,  
Астана қ., Қазақстан Республикасы  
E-mail: [baha\\_kz\\_zs@inbox.ru](mailto:baha_kz_zs@inbox.ru)  
Ғылыми жетекші: э.ғ.к. Мухамбетова Л.К.

Стратегиялық тұрғыдан инвестициялар кәсіпорындардың дамуын, техникалық жарақтануын және экономикалық өсуін анықтайтын негізгі буын болып табылады. Елімізде болған соңғы жылдардағы өзгерістерге байланысты кәсіпорындар үшін де біршама қолайлы инвестициялық жағдай қалыптасты. 2003 жылы 8-қаңтарда қабылданған Қазақстан Республикасының «Инвестициялар туралы» Заңы инвестицияларды ынталандырудың экономикалық негіздері мен принциптерін анықтап, еліміздегі инвестициялық жағдайды одан әрі жақсартуға бағытталған [1].

Сонымен қатар отандық кәсіпорындардың инвестициялық қызметін жетілдіруге кедергі болатын бірқатар, әлі де болса шешуін таппаған, мәселелер бар:

- ұлттық экономиканың шикізат көздеріне бағытталғандығы;
- өңдеуші өнеркәсіптің өнімділік деңгейінің төмендігі;
- ішкі нарықтағы тауарларға деген тұтынушылық сұраныстың төмендігі;
- өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымның жете дамымағандығы;
- кәсіпорындардың жалпы техникалық және технологиялық жағынан артта қалғандығы;

- ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға жұмсалатын инвестициялық шығындардың төмен деңгейі және т.с.с. [2].

Өкінішке орай, жалпы ішкі өнімде инвестициялардың деңгейі төмен болып қалып отыр – небәрі 19%. Еліміздегі инвестициялар деңгейін екі есеге дейін арттыру қажет. Қазіргі кезде инвестициялардың басым бөлігі (80%-ға дейін) негізінен айналымдық қаражаттарға немесе қысқа мерзімді негізгі құралдарға бағытталуда. Елден сыртқа қарай капитал ағындары орын алуда. Осы орайда кәсіпорындардың инвестициялық қызметін ынталандыру бірінші кезектегі мәселе болып отыр.

Қазақстандық кәсіпорындардың халықаралық деңгейде бәсекелестік қабілетін арттыратын маңызды фактор – инновациялық жобаларға салынатын инвестицияларды ынталандыру болып табылады. Елімізде инновациялық жобаларды жүзеге асыру үшін инвестициялар тарту бойынша біршама тәжірибе жинақталған, мысалға, Қарағанды, Екібастұз, Өскемен, Шымкент қалаларында инновациялық сипаттағы жобалар іске асырылған болатын. Айта кету керек,